

«Келісілді»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
Әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Г.С.Барикова

« д8 » с8 2025 жыл



«Бекітемін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№ 1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК-ның
меңгерушісі:

Г.Ж.Барикова

« д8 » с8 2025 жыл



2025-2026 оқу жылына арналған

«Ұлттық қазына»

вариативтік бағдарламасы

Әзірлеушінің аты-жөні: Асанова.Л.М

Хромтау қаласы 2025 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинеті ұсынған

Құрастырған : МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балбақшасы тәрбиешісі Асанова.Л.М

Пікір беруші:

« Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі : Барикова Гульжаз Советовна

Кенес беруші:

Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Барикова Гульжанат Жумабековна

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында келісілді:

Хаттама № 1 « 28 » « 08 2025 ж»

Сараптау комиссиясы төрағасы


(қолы)


(тегі ,аты,әкесінің аты,)

МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы педагогикалық кеңесі отырысында талқыланды.

Хаттама № 1 « 28 » « 08 2025 ж»

Меңгерушісі:  Г.Ж.Барикова

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты,)



Түсінік хат

Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орындар балабақшасы, мектеп болмаса да, ата-аналар тәрбиені бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы бере бастаған. Олар қызық-қызық ертегілер, ұзақ-ұзақ жырлар, тыйым сөздер, еңбек арқылы балаларының бойында жақсы қасиеттерді дамытқан. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, бірте-бірте мағыналы да, мәнді сөйлеуге жаттықтыра білген.

Тәрбие - бүкіл адамзаттың алтын бесігі, ал қазақ педагогикасының өткені ата-бабаларымыздың асыл сөздерінде, салт-дәстүрінде жатыр. Дала мектебінің тәрбиесі ананың сүтімен, бабаның қанымен ұрпақ бойынан өз жалғасын тауып отырды, өмір қиындығы төзімділікке баулыды. Ана сәбиін өмірге қалай баулыса, ұлт өз ұрпағының тарих көшінен қалмауын қадағалайды. Жазуымыз бірнеше мәрте өзгергенімен ұлттық тәрбие жойылмады. Туған халқымыздың тарихы, салт-дәстүрлері ұлттық тәрбие негізінде ұрпақтан-ұрпаққа, сан ғасырлар бойы сары майдай сақталып, аманат болып қалып отырды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», -деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этно мәдениет элементтерімен байытылады», -делінген.

Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жетілген азамат етіп тәрбиелеу, балабақша жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер, балабақшалар ашылып, ондағы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы оқу қызметтерінде, оқу қызметінен тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны тәрбиеленушілердің бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн:

1. Ұлттық педагогиканың негізінде тәрбиеленушілерге білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.
2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана сезім тұрғысынан тәрбиеленушілерді тәрбиелеу.

Ең алдымен, жас ұрпақ бойында отаншылдық сезімді ояту үшін тәрбие үрдісінде этнопедагогиканы тиімді қолдана білуіміз қажет. Ал қазақ этнопедагогикасының негізі – халық педагогикасы. Халық педагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ал, бұл асыл мұраларды бала тәрбиесінде орынды пайдалана білу тәрбиеленушілеріміздің халықтық педагогиканы толық меңгеруіне зор ықпалын тигізеді.

Вариативтік бағдарламасының өзектілігі:

- Ел жастарының патриоттық сезімін, білім мен біліктілігін, дағдыларын, ізгілікті қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарасын, жағымды мінез-құлық нормалары мен сыпайы этикалық қарым-қатынастарын ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Туған жерге, отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Вариативтік бағдарламасының мақсаты:

Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу. Бөбекжайдағы өзге ұлт өкілдері балаларын салт-дәстүрмен бірге қазақ тілін құрметтеп, оны түсіну және қазақ тілінде сөйлеуге, салт-дәстүрді құрметтеуге үйрету, тәрбиелеу. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.

Вариативтік бағдарламаның міндеттері:

- Өркениетті елдер қатарынан орын алу жолындағы күресте рухани қазынамызды қазақтың өзіне ғана тән имандылығымен, сипатымен көрсету;
- Әдет-ғұрпымызды тәрбиеленушілер бойына сіңіріп, дарыту, рухани байлығы мол жан-жақты азамат тәрбиелеу;
- Тәрбиеленушілердің ұлттық рухын көтеріп, бойында дархан мінез қалыптастыру;
- Ұлттық ойындармен ойната отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- қазақтың ұлттық болмысын құрайтын ұлттық құндылықтарымызды анықтау;
- ұлттық құндылықтарымызды классификациялау;
- ұлттық құндылықтар негізінде берілетін тәрбие түрлері, білім беру мазмұны, тәрбие мен білім берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру;
- ұлттық тәлім-тәрбие тарихын, ұлттық өнер-мәдениетті танып-білу;

Вариативтік бағдарламаның меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- Жобалау әдісі;
- Ойын;

Аталған әдіс-тәсілдер бөбекжайдағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп пайдаланылады.

Сөздік әдістері:

- педагогтың айтуы бойынша жұмбақтарды шешу.

Ойын әдістері:

- әртүрлі ойындарды ұйымдастыру (сюжетті-рольді, қимылды);
- дидактикалық, драматизациялық.

Практикалық әдістер:

- балалардың нәтижелі қызметін ұйымдастыру;
- балалармен көрнекі құралдар жасау.

Жұмыс жүйесін құру барысында келесі негізгі бағыттарға ерекше назар аудардым:

- Практикалық бағыт-практикалық істермен байланысты салт-дәстүрлерді сахналау, көрсету.

Вариативтік бағдарламаның өнімі:

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан ата-дәстүрлердің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру өркенді де өнегелі іс. Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Халық ауыз әдебиетін ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдануда мынадай ерекшеліктерін атауға болады:

- 1) баланы ойната отырып күлдіру, күлдіре отырып өмірге үйрету жағы көзделеді;
- 2) баланың ішкі дүниесіне ой санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жақсы болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыру.
- 3) балаларды алдымен оқиғаның туындауына, кейіпкерлер мінезінің әр жақты дамуына қызықтыру,
- 4) халық ауыз әдебиетін қолданғанда оның мазмұны, идеясы балалардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға үйретуі тиіс,
- 5) халық ауыз әдебиетін ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданғанда, баланың сүйіспеншілігін, өз ұлтына деген патриоттық сезімін оятып, баланың сөздік қорын байытуға көмектеседі.

Вариативтік бағдарламаның құрылымы:

Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелене отырып баланың құзіреттілігі қалыптасады. **Вариативтік бағдарламаның мазмұнының базалық мазмұнының ерекшелігі:**

Базалық білімді пайдалану арқылы балалардың қызығушылығын, талпынуын арттыра отырып, өздігінен жаңа білім алуына жағдай жасалады, құзіреттілігін қалыптастыру көзделеді.

Вариативтік бағдарламаның меңгерту формалары:

- Жекелеме жұмыстар,
- Орталықтардағы дербес жұмыстар,
- Топтық жұмыстар,
- Ұжымдық жұмыстар.

Вариативтік бағдарламаның тиімділігін бағалау критерилері:

Тәрбиеленушінің шығармашылық белсенділігінің жүйелі болуын үнемі қадағалап отыру.

Меңгеретін тақырыптарды тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай беріп отыру керек.

Өзге ұлт балаларына екі тілде меңгеруіне мүмкіндік беру.

Жекелеме және топтық жұмыстар жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

Салт-дәстүрді меңгереді.

Ата-бабамыздың күнделікті тұрмыста қолданып, қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан заттар мен бұйымдарды танып біледі.

Ана тілін жетік меңгеріп сөздік қорлары молаяды.

Ұлттық ойындар арқылы дене қозғалысы қалыптасады, түрлі жаттығуларды меңгереді.

Ұлттық әшекейлермен зергерлік бұйымдарды көру, жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды.

Үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор бола білетін, отансүйгіш, ұлтжанды тұлға қалыптасады.

Бағдарламаға қатысушы топ: мектепалды «Ақбөбек» тобы.

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл.

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 5 жас.

Бағдарламаға қатысушылар саны: 15 бала

**«Ұлттық қазына» вариативтік бөлікке арналған бағдарламаның
Мектепалды тобына арналған перспективтік жоспары
Барлығы -36 сағат**

№	Тақырыптар	Сағат саны	Уақыты
1	Мұражайға саяхат	1	
2	Қазақтың баспанасы-киіз үй туралы түсінік	1	
3	Кереге.	1	
4	Шаңырақ.	1	
5	Уық	1	
6	Түндік (туырлық, үзік).	1	
7	Киіз үй есігі - «Сықырлауық»	1	
8	Киіз үй жиһаздары туралы түсінік	1	
9	Абажа	1	
10	Кебеже	1	
11	Асадал	1	
12	Әбдіре	1	
13	Сандық	1	

14	Ағаш төсек	1	
15	Жастықағаш	1	
16	Адалбақан	1	
17	Жүкаяқ	1	
18	Текемет М.Кенбаев «Текемет басу»	1	
19	Сырмақ	1	
20	Ұршық	1	
21	Ұлттық ыдыстар туралы түсінік	1	
22	Күбі. Піспек.	1	
23	Шәугім. Аққұман.	1	
24	Қазан. Шөген.	1	
25	Ағаш ожау (шөміш). Саптыаяқ	1	
26	Тегеш. Табақ	1	
27	Ыдыстар мен жиһаздар	1	
28	Ыдыстарға байланысты ырым, әдет-ғұрыптар	1	
29	Шәй, ішсең көңілің жәй.	1	
30	Қонақ күту-ата дәстүріміз.	1	

31	Ас-адамның арқауы.	1	
32	Ұннан жасалынатын тағамдар.	1	
33	Ұл балалар киімі	1	
34	Қыз балалар киімі	1	
35	Зергерлік бұйымдар; сақина, білезік	1	
36	Сырға, шолпы	1	
Барлығы:		36	

«Ұлттық қазына» вариативтік бағдарламасының мазмұны

№	Тақырыбы	Мақсаты
1	Мұражайға саяхат	Мұражай бөлмесімен таныстыру, ұлттық құндылықтар туралы мәлімет беру
2	Қазақтың баспанасы-киіз үй туралы түсінік	Киіз үйдің қажеттілігін, пайдасын және құрлысын таныстыра отырып, оны қалай тігу жолдарын үйрету арқылы киіз үй туралы ұғымдарын кеңейту, дамыту.
3	Кереге	Кереге мен шаңырақ киіз үйге не үшін қажет және оның неден қалай жасалатынын түсіндіре отырып, олардың ұлттық баспана киіз үй, оның құрлысы туралы білімдерін дамыту. Кереге, шаңырақ, баспана, киіз үй атауларын дұрыс айтқыза отырып, дұрыс сөйлеулерін қалыптастырып, сөздік қорларын молайту.
4	Шаңырақ	Шаңырақ-киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбезі екендігін, киіз үй құрылысында шаңырақтың алатын орыны туралы балаларға түсіндіру.
5	Уық	Уық киіз үйдің бір бөлігі, кереге мен шаңырақты байланыстыратын ағаш екенін түсіндіре отырып, балалардың киіз үй туралы түсініктерін, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ұлттық баспана киіз үй туралы ұғымдарын дамыту.
6	Түндік (туырлық, үзік).	Балаларды киіз үйдің бөліктері түндік, туырлық, үзікпен таныстыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту, ұлттық киіз үйімізді бағалай білуге, ата-бабадан қалған асыл мұраларымызды ұмытпай, жалғастыра білуге баулу.
7	Киіз үй есігі - «Сықырлауық»	Балаларды киіз үйдің келесі құрлысы киіз үй есігі-«Сықырлауық» туралы таныстыру. Сықырлауық» киіз үйге не үшін қажет және оның неден қалай жасалатынын түсіндіре отырып, олардың ұлттық баспана киіз үй, оның құрлысы туралы білімдерін дамыту.
8	Киіз үй жиһаздары туралы түсінік	Балаларға киіз үй жиһаздары туралы түсінік беру. Киіз үй жиһаздарының суреттерін көрсете отырып, суретпен жұмыс жасату арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Толық жауап, сөздік жұмыстары арқылы сөздік қорларын молайту.
9	Абажа	Балаларға киіз үй жиһаздары абажа, асадал туралы түсінік беру. Үй жиһаздарының атауларын атату арқылы сөздік қорларын молайту, әр жиһазды атауына байланысты ажырата білуге үйрету. Үй жиһаздары туралы ұғымдарын кеңейту.
10	Кебеже	Балаларға қазақ халқының қол өнері туралы мәліметтер беру. Өз ойларын еркін де сауатты, нақты жеткізу қабілеттерін арттыру; Жан-жақтылыққа, шеберлікке, ізденімпаздылыққа баулу, Ата- бабамыздың ертеден келе жатқан қолөнерін оқып білуге үйретулеріне киіз үй жиһаздары кебеже туралы түсінік беру.

11	Асадал	Балаларға киіз үй жиһаздары асадал туралы түсінік беру. Үй жиһаздарының атауларын атату арқылы сөздік қорларын молайту, әр жиһазды атауына байланысты ажырата білуге үйрету. Үй жиһаздары туралы ұғымдарын кеңейту.
12	Әбдіре	Балаларға киіз үй жиһаздары әбдіре туралы түсінік бере отырып, суреттері, жасалған үлгілері арқылы таныстыру. Үй жиһаздары туралы ұғымдарын сөздік жұмысы, сұрақ-жауап, арқылы дамыту.
13	Сандық	Балаларға үй жиһазы сандық туралы түсінік бере отырып, таныстыру. Салт – дәстүрлерді құрметтеу. Ұлттық заттар қадірін түсініп, бағалай білуге баулу.
14	Ағаш төсек	Балаларға киіз үй жиһаздары ағаш төсек пен жастықағашты таныстыру. Сұрақ-жауап, ойын элементтерін пайдалану арқылы балалардың білуге деген қызығушылықтарын ояту. Сөздік қорларын молайту. Дұрыс сөйлей білуге жаттықтыру
15	Жастықағаш	Балаларды жастықағашпен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Дұрыс сөйлей білуге жаттықтыру. Ұлттық бұйымдарды құрметтеуге, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.
16	Адалбақан	Адалбақан туралы балаларға түсінік беру, сурет көмегі бойынша таныстыру. Оларды не үшін пайдалану қажет екендігін түсіндіре отырып, үй жиһаздары туралы ұғымдарын тереңдету. Сөздік қорларын байыту. Қысқаша сөйлемдерді толық айтуға жаттықтыру. Тіл мәдениетін қалыптастыру.
17	Жүкаяқ	Ұлттық өнермен таныстыру.
18	Текемет М.Кенбаев «Текемет басу»	Текеметтің неден, қалай жасалатынын түсіндіре отырып, ұлттық жиһаздар туралы ұғымдарын кеңейту, ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту. Текемет үлкен еңбекпен жасалатыны туралы айта отырып, еңбексүйгіштікке, басқаның еңбегін бағалай білуге баулу.
19	Сырмақ	Сырмақтың неден, қалай жасалатынын түсіндіре отырып, ұлттық жиһаздар туралы ұғымдарын кеңейту, ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.
20	Ұршық	Ұршықтың шығу тарихына тереңірек шолу жасап, адамға деген пайдалылығы жөнінде мағлұмат алу, баланың зейінін, қабылдауын есте сақтауын дамыту және көру кезінде заттық пішінін дұрыс ажырата білуін, қол маторикасын дамыту.
21	Ұлттық ыдыстар туралы түсінік	Ұлттық ыдыстарға нелер жататынын, оларды ата-бабаларымыз неден жасап, қалай пайдаланғандарын айтып түсіндіру арқылы ұғымдарын кеңейту, тілдерін, зейіндерін дамыту.
22	Күбі. Піспек.	Күбі, піспек ыдыстарын неден жасайтыныны, не үшін пайдаланатынын түсіндіру арқылы ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту, сөздік қорларын, зейіндерін, ойлау қабілеттерін дамыту.

23	Шәугім. Аққұман.	Шәугім, аққұман ыдыстарын көрсете отырып, есте сақтау, сипап сезу қабілеттерін дамыту. Жалпы ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту. Сөздік қорларын, сөз байлықтарын молайту. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың іздену, есте сақтау, ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Ұлтжандылыққа, ұлттық құндылықтарды бағалай, дәріптей білуге баулу.
24	Қазан. Шөген.	Балаларды қазан, шөген ұлттық ыдыстарымен таныстыру. Қазан, шөген ыдыстарын көрсете отырып, олардың не үшін қажет, қалай пайдалану керектігін ұғындыру арқылы ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту.
25	Ағаш ожау (шөміш). Саптыаяқ	Балаларды ағаш ожау, саптыаяқ сияқты ұлттық ыдыстарымен таныстыру. Ағаш ожау, саптыаяқ ыдыстарын көрсете отырып, есте сақтау, сипап сезу қабілеттерін дамыту. Тостаған мен торсық ыдыстарын жасау жолдарын түсіндіру арқылы ұлттық ыдыстар туралы түсініктерін дамыту.
26	Тегеш. Табақ	Балаларды тегеш, табақ ұлттық ыдыстарымен таныстыру. Тегеш, табақ ыдыстарын көрсете отырып, олардың не үшін қажет, қалай пайдаланылатындықтарын түсіндіре отырып, ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту.
27	Ыдыстар мен жиһаздар	Ыдыстар мен жиһаздар не үшін қажет екені туралы түсінік беру. Сөздік қорларын кеңейту, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу
28	Ыдыстарға байланысты ырым, әдет- ғұрыптар	Ырым - тыйым сөздерінің мән - мағынасын түсіндіру. Рухани жан дүниесін дамыту.
29	Шәй ішсең көңілің жәй.	Адамды сыйлаудың бір көрінісі шәйді баптап беру, оны ұсыну жайлы балаларға мағұлмат беру. Рухани жан дүниесін дамыту. Шәйдің пайдасын түсінуге, еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу.
30	Қонақ күту-ата дәстүріміз.	Балаларға ыдыстармен тағамдардың аттарын айтуды үйрету оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. Үлкенді сыйлауға, құрмет көрсетуге, қонақжайлыққа баулу.
31	Ас-адамның арқауы.	Балаларды дастархан басында сақталатын салт-дәстүрмен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Ұлттық тағамдарымыздың қасиетімен және ыдыс-аяқтармен таныстыру. балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорларын дамыту.
32	Ұннан жасалынатын тағамдар.	Балаларға ұннан жасалатын дәмдер жайлы түсіндіру, нанның түрлерімен таныстыру.
33	Ұл балалар киімі	Балаларға қазақтың ұл балалар ұлттық киімдері туралы түсінік беру, төл дыбыстарды анық айтуға жаттықтырып, сөздерді дұрыс айтқызу, ұлттық киімдермен таныстыру.
34	Қыз балалар киімі	балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Балаларды тазалыққа, көркемдік талғамдыққа, ұқыптылыққа, қайырымдылыққа, бір-

		бірімен дос болуға тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілетін эстетикалық талғамдарын дамыта отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру,
35	Зергерлік бұйымдар; сақина, білезік	Балалардың ұлттық зергерлік бұйымдар туралы алған білімдерін пысықтау, қортындылау. Зергерлер елін саяхат жасату арқылы алған білімдерін пайдалана білу еп-дағдыларын дамыту. Өзіндік жұмыс істей білу қабілеттерін шыңдау. Зергерлік бұйымдар туралы білімдерін, түсініктерін кеңейту. Ұлттық өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.
36	Сырға, шолпы	Балалардың ұлттық зергерлік бұйымдар сырға, шолпы туралы алған білімдерін пысықтау, қортындылау, ойлау қабілетін, сөздік қорларын дамыту.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж, Астана Ақорда.
2. Бала құқықтары туралы Конвенция.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауы. 06.02.2008ж, Астана
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. ҚР МЖМБС 1.001-2001
5. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
6. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі орта білім департаментінің №02-3-1/562 04.04.200ж хаты «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлық» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» жобасы. 2008ж, Астана
7. Жеті қазына. Алматы. 2001 жыл.
8. Отбасы және балабақша №2 2012 жыл
9. Бала тәрбиесі №2 2009 жыл